

"Сейфуллин оқулары– 14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру - жаңа даму кезеңі » атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация - новый этап развития». -2018. - Т.1, Ч.1. - Б.221-223

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ҚУАҢ ДАЛА АЙМАҒЫНЫҢ ҚҰЛДЫРАҒАН ЖЕРЛЕРІН БИОЛОГИЯЛЫҚ РЕКУЛЬТИВАЦИЯЛАУ

Тусупбекова А.Ж., Кульжанова С.М.

Қуаң дала жағдайына қатысты, жер ресурстарын пайдаланудың экологиялық ортаға әсерін реттеу механизмдерін талдап, адам мен табиғаттың үйлесімді тіршілік ету идеясын баяндау, оны жер ресурсын пайдалану арқылы өнімділігін көтеру, құрылымын жетілдіріп және рөлін күшейту бағытына өзгерту, шекті климаттық және ресурстық жағдайда ауыл шаруашылығы экожүйесін реттеу болып табылады [1, 2].

Қазіргі таңда Ақмола облысы жайылым жерлерін жүйесіз пайдалану мен басқа да келеңсіз жағдайлардың салдарынан жайылымдардың тозуы белең алып, соның салдарынан олардың өнімділігі төмендеуде. Осындай орынсыз жағдай жайылымдық экожүйелердің табиғи тепе-теңдігінің бұзылуынан, топырақ пен өсімдік жамылғысының тозуынан деградация туындап отыр. Біз келешекте жасыл экономикаға бет бұрған ел ретінде айқын, сауатты бағыт-бағдар құра білуіміз керек. Бұл ретте жайылымдық жерлерді тиімді пайдалану, көпжылдық шөптер себу, тозған жерлерді қалпына келтіру маңызды шара болып табылады.

Деградацияға ұшыраған жерлерде өсімдіктердің өсіп қалыптасуын тездету үшін Дзыбов күрделі табиғи өсімдіктер қоспасын егу әдісін ұсынған. Бұл әдіс бойынша ұзақ мерзімде қалпына келетін экожүйе 2-3 жыл ішінде аймақты типке жақын өсімдіктер қауымдастығы пайда болады [3].

Солтүстік Қазақстан аймағында жайылымдық жерлерді қалыптастыруда, көпжылдық астық тұқымдас шөптердің ішінде қылтықсыз арпабас және еркекшөптің екі түрі – кең сабақты және тар сабақты түрлері, ал құрғақ далалы аймақтарда – шөлдік еркекшөп кеңінен пайдаланылады. Қылтықсыз арпабас пен еркекшөптің химиялық құрамы бірдей десе де болады, дегенмен еркекшөптің қоректік құндылығы қылтықсыз арпабасқа карағанда біршама төмен [4, 5].

Еркекшөп гүлденуге дейін құрамында қоректік заттарының көптігімен ерекшеленеді, яғни протеин мөлшері 12,9-18,2%. Еркекшөптің жасыл балаусасының құрамында қандай даму кезеңінде болса да, судың мөлшері төмен болады, ал тұқым қалыптастыру кезеңі басталғаннан бастап, оның құрамындағы клечатка мөлшері көбейеді, яғни сіңімділігі - 2,1%, сонымен

қатар бұл кезеңде шикі майдың мөлшері азаяды [6].

Ақмола облысында 2015-2017 жж. геоботаникалық зерттеу нәтижелерімізден жайылымдық территориялардың деградацияға ұшырағандығын байқадық. Өсімдіктердің саны мен түрлік құрамын зерттеу олардың шаршы метрдегі санының жоғарылауы олардың биомассалық өнімділігіне әсер ететіні анықталды, зерттеліп отырған территорияларда өсімдіктер негізінен ұзындығы 2-3 см аспайтын өсімдіктер екені байқалды. Өсімдіктердің саны мен түрлік құрамына 2015-2017жж. жүргізілген зерттеулер нәтижесінде Семеновка елді-мекенінде өсімдіктердің 14 тұқымдасы бар, оның ішінде 36 өсімдік түрі кездеседі. Ең көп кездесетін өсімдік түрлері *Artemisia absinthium* және *Festuca sulcata*. Өсімдіктердің орташа көрсеткіші 216 дана/м² құрады. Друде шкаласының көрсеткіші бойынша бірінші және екінші вегетациялық кезеңде өсімдіктердің ішінде *Artemisia absinthium* өте мол кездеседі. Семеновка елді-мекені бойынша өсімдіктердің бірінші вегетациялық кезеңдегі биомассасы орта есеппен 22,6 және 61,2 г/м² құрады. Өсімдіктердің екінші вегетациялық кезеңіндегі зерттеу жұмыстары тамыз айының соңында жүргізілді. Зерттеу жұмыстары көрсеткендей, өсімдіктердің биомассасының (27,4 г/м²) 70% кемігені байқалды. Жайылымдарда өсімдік түрлерінің жұтанданып бара жатқаны байқалды.

Қорыта келгенде жайылымдардың өнімділігі төмендеп кетті. Көптеген жайылымдарда шөп жамылғысы бұзылған, тапталған. Осыған байланысты өзін-өзі жаңартуды және өзін-өзі реттеуді қамтамасыз ететін жайылым тепе-теңдігі бұзылған. Шөп жамылғысында шөптердің өнімді түрлері жойылған. Осыған орай жарамсыз жерлерді қайта қалпына келтіру жұмыстарын жаңдандыру қажет. Жоғарыда келтірілген мәселерге байланысты жерді тиімді пайдаланумен қатар, топырақтың құнарлылығын сақтау және бұзылған жерді дер кезінде қайта қалпына келтіру, өзекті мәселе деп санаймыз. Және көп жылдық шөптерді егіп жайылымдарды жақсарту тиімді тәсіл деп санаймыз және келешекте біз жеріміздің құнарлылығын көтеріп, өндірістік, өнімділік қабілетін арттырамыз десек, жаңашылдыққа бет бұрып, бұрын астық егілген, қазірде бос жатқан жерлерге көпжылдық шөптер егу мәселесін қолға алуымыз керек. Бұған қоса, республикамызда қазіргі орылып жүрген шабындықтар - сонау 70 жылдардан бері егілген шөптер. Уақыт өткен сайын ол шөптердің тозығы жетіп, өнімділігі кеми түсетіні - онсыз да белгілі дүние. Сондықтан көпжылдық шөптер егу тозған жерлерді қалпына келтіретін тиімді тәсіл.

Әдебиеттер тізімі

1. Тышкевич Г.Л. Экология и агрономия. – Кишинев: Штиинца, 1991. – 268 с.
2. Pisciotta A., TutoneL., Saiano F. Distribution of in soil-grapevine system (*Vitisvinifera* L.) as tool for geographical characterization of agro-food products, // YLOID a two years case study on different grafting combinations. 1999. – С.

1214-1220.

3. Мартовицкая А.М. Химический состав и питательность кормов Северного Казахстана. – Алма-Ата: Кайнар, 1976. – 392 с.

4. Можаяев Н.И. Полевое кормопроизводство в Северном Казахстане. – Алма-Ата: Кайнар, 1975. – 152 с.

5. Можаяев Н.И. Полевые культуры Северного Казахстана. Алма-Ата, 1979. – 231 с.

6. Рачковская Е.И, Огарь Н.П., Марынич О.В. Факторы антропогенной трансформации и их влияние на растительность степной Казахстана // Степной бюллетень (Институт ботаники МН-АН Республики Казахстан, Алма-Ата). 1990. - № 5. – С. 131-134.